

## ТАРИХИ ЖЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚЫ УАҚЫТ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРДІҢ МӘНІ

\*Кулынтаева Т.Б.<sup>1</sup>, Еспекова Л.Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ, Астана, Қазақстан,  
e-mail: [togzhan\\_kulintaeva@mail.ru](mailto:togzhan_kulintaeva@mail.ru),

<sup>2</sup>Ф.ғ.к., профессор «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ, Астана, Қазақстан,  
e-mail: [espekova@bk.ru](mailto:espekova@bk.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада тарихи жыр мәтіндері негізінде уақытты білдіретін халықтық өлшем атаулары, олардың этимологиясы қарастырылды. Мақаланың мақсаты – тіліміздің ұлттық құндылығы саналатын тарихи жырлардың тілін когнитивтік аспектіде зерттеуге негізделді. Фольклор тілін зерттеу – сол халықтың мәдениетінен, танымынан ақпарат алуға мүмкіндік тудырады. Тарихи жыр мәтіндерінің мазмұнына үңіле отырып, жыр жолдарынан «уақыт» концептісін айқындайтын тілдік бірліктер іріктеліп алынды. Соның негізінде халқымыздың уақыт туралы таным-түсінігі айқындалды. Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвофольклортануға қатысты еңбектерге теориялық толықтыру болып табылады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелерін «Лингвофольклортану», «Когнитивтік лингвистика», «Лингвомәдениеттану» сынды арнайы курстардың дәрістерін құрастыруға, оқу-әдістемелік кешендер дайындауда пайдалануға болады.

Мақалада тілдік талдау, салыстыру, когнитивтік талдау әдістері қолданылды. Зерттеу жұмысымыздың негізгі нәтижелері мен шешімдері жасалды. Тарихи жыр мәтіндерінен мысал келтіріліп, уақытқа қатысты тілдік бірліктер мағынасына қарай топтастырылды. Олар: 1) діни-наным сенімге байланысты туындаған байырғы уақыт өлшем бірліктері; 2) табиғат құбылыстарына байланысты атаулар; 3) адамның қимыл-әрекетіне байланысты туындаған атаулар; 4) шаруашылыққа, төрт түлік малдың тіршілік әрекетіне негізделген атаулар деп жіктелді. Тарихи жырлардағы уақыт жыр кейіпкерлері үшін маңызды саналған және уақытты тиімді пайдаланғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар, сол заманда туындаған уақытты білдіретін тілдік бірліктер әлі күнге дейін актив қолданыста. Автордың тұжырымдауынша, халықтық өлшем атаулары халықтың ойлау жүйесі, қоршаған ортаны тануы, күнделікті тұрмыс-тіршілігі арқылы қалыптасып, тіліміздің лексиконында қолданысқа енгені айқындалды. Уақытты білдіретін өлшем атауларының тарихи жырларда берілу жолдары, олардың мәні мен маңызы сипатталды. Аталмыш тілдік бірліктер халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен, ойлау жүйесімен байланысты екені анықталды.

**Тірек сөздер:** концепт, уақыт концептісі, тарихи жыр, халықтық өлшем, тілдік бірлік, уақыт, таным, фольклор, көркем мәтін, тәулік, этнос, дін, мезгіл

### Негізгі ережелер

Тілді танымдық тұрғыдан зерттеу бүгінгі күні маңызды болып отыр. Сонымен қатар, көркем мәтін тілін когнитивтік бағытта қарастыру сол халық туралы мол ақпарат алуға мүмкіндік тудырады. Себебі, көркем мәтінде, оның ішінде, фольклорлық мәтіндерде тіліміздің байлығы сақталып, көркем кестеленіп жазылған. Адамның танымы мен тілі көркем мәтінде көркем

сөзбен айшықталып беріледі. Біз қарастырғалы отырған тарихи жыр мәтіндері халықтың танымымен, ойлауымен, дүниені тануымен астасып жатқан негізгі туындылардың бірі. Жырларда бүкіл халықтың тарихы баяндалады және сол замандағы тілдік қолданыстарды анықтауымызға мүмкіндік туғызады.

### **Кіріспе**

Тілді халықтың тұрмыс-тіршілігімен, танымымен байланыстыра зерттеу тілдің табиғатын терең түсінуге жол ашады. Қазақы уақыт өлшем атаулары этностың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен біте қайнасқан, ұлтымыздың болмысын танытатын ментальді бірліктер. Қазақ тіл білімінде халықтық өлшем бірліктерді қарастырған Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Е.З. Қажыбек, Ж. Манкеева, Е. Аққошқаров, Н.Ф. Шаймердинова, Н. Базылхан т.б. ғалымдарды атай аламыз. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде қазақ тіліндегі халықтық өлшем бірліктердің мәні мен маңызы, топтастырылуы, жіктелуі жайлы сөз етілді. Сонымен қатар, уақыт, тәулікке қатысты зерттеу жүргізген М.Томанов, Г. Смағұлова, Қ. Аронов секілді ғалымдар бар. Ғалым І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» уақытты білдіретін біршама фразеологизмдердің мән-мағынасы сараланып, талдаған. Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Л. Рүстемов, Ә. Нұрмағамбетов сынды ғалымдар мезгіл ұғымдарын аңғартатын жекелеген сөздер мен сөз тіркестеріне талдау жасаған.

Қазақ халқы тумысынан аса дара талантқа ие ерекше халық. Олай дейтініміз халқымыз сонау ерте замандардан уақытты бағамдауда өз тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына ыңғайлап, баға берген. Осы секілді дәстүрлі лингвистикада қалыптасқан – халықтық өлшем атаулары жетерлік. Халықтық өлшем атаулары уақытқа, ұзындыққа, қашықтыққа, салмаққа қатысты туындап отырған. Аталмыш өлшем атаулары халықтың қажеттілігінен дүниеге келген.

«Әрбір қауым, тайпа мүшелері өздерінің айналасын, ортасын, әртүрлі заттарды танып-білу үшін «сандық», «кеңістік», «салмақ», «көлем», «уақыт» тәрізді өзге де сапалық қасиеттерді анықтау үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдалана білген. Әр халықтың күнделікті өмір сүру, тұрмыс қажеттілігінен туындаған қарапайым өлшемдері болды. Халық өлшемдерін ата-бабаларымыз бірнеше ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем бірліктерін жасаған. Өлшем бірліктері қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі мал шаруашылығымен, көшіп қонумен, түрлі нысандарды салыстырып теңеуінің нәтижесінде өмір қажеттілігінен туындаған деуге болады» [1, 12 б.].

Тілімізде қалыптасқан уақытқа қатысты байырғы өлшем атаулары көп кездеседі. Бір ғана «таң» мезгілін сурттеуде халқымыз табиғат құбылысын бақылай отырып, бірнеше лексикалық бірліктер қолданғанын байқаймыз. Мысалы: *таң құланиектегенде, таң бозарып атқанда, таң ата, таң сімірі, ереуіл таң, көгалаң таң, рауан таң* секілді тілдік қолданыстар көп. Сонымен қоса, табиғатты ерекше бағалаған қазақ халқы уақытқа қатысты мынадай тілдік бірліктерді табиғатты бақылай отырып меңгерген. Мысалы: *түн*

*қараңғысы, ай туа, түн ортасы, жұлдыз сөне, Шолпан туа секілді* астрономиялық бірліктерді байқауға болады. Қазақ халқы қашан да мал шаруашылығымен айналысқан. Сол себепті шаруашылық ыңғайына қарай қалыптасқан уақыт ұғымын білдіретін тілдік бірліктер бар. Олар *ел жайлауға көшерде, малды көктеуге шығарарда, күзекке көшіп қонарда, қыстауға қайтар кезде* т.б. Аталмыш тілдік бірліктер қазақ халқының төрт-түлік мал шаруашылығымен орайластырылып алынған.

Орыс тіл білімінде «уақыт» концептісі жетік зерттеліп, біршама жолға қойылған. Орыс ғалымдары «уақыт» концептісін түрлі қырынан зерттей келе, бүкіл ұлтқа тән әмбебап концептілердің қатарына жатқызады. «Универсальные свойства времени самым непосредственным образом отражаются в языке как системе и в его функционировании – в лексическом составе, грамматических формах и речевых особенностях, что раскрывается ... на примере глагола как главного выразителя действия, объективно протекающего во времени» [2, 14 б.]. Қазақ тіл білімінде де «уақыт» концептісі өз бастауын халықтық өлшемдерді зерттеуден бастайды. «Уақыт» ұғымын беретін сөздер тобы лексиконымызға етене еніп, қалыптасып кеткен.

Ғалым А. Құралұлы «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы» атты еңбегінде халқымыздың рухани мәдениетіне қатысты көптеген мысалдар келтіреді. Сонымен қоса, қазақтың байырғы өлшем бірліктеріне байланысты ойымен бөліседі. *Астың пісуіне байланысты, азық-түлікке қатысты өлшемдер деп бастап, тәулік мезгілдері, күн көкжиектен көтерілген мезгіл, күннің орта мезгілі, күн еңкейген мезгіл, күн ұясына бата бастаған мезгіл, түн мезгілі* деп жіктейді [3, 112 б.].

Жалпы, лингвистикада уақытты білдіретін халықтық өлшем атаулары зерттеу нысанына алынған. Алайда, тарихи жыр мәтіндері негізінде уақытқа қатысты халықтық өлшем атаулары әлі де зерттеу нысанына алуды қажет етеді.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде тарихи жырлар алынды [4]. Зерттеу жұмысы барысында тарихи жыр мәтіндерінен тілдік бірліктер алынып, оларды талдау барысында семантикалық және концептуалды талдау әдістері қолданылды.

Тілдік санадағы уақыт туралы түсініктер сол халықтың көркем әдебиетінде көрініс табады. Себебі көркем мәтінде – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған асыл қазыналары сақталады. Қай халықтың болмасын дүниетанымының көрінісі – көркем әдебиет арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, көркем мәтін тілін танымдық аспектіде зерттеу – сол халықтың тілдік бейнесін, ойлау жүйесін, танымын аңғаруға негіз болады. Зерттеу нысаны ретінде алынып отырған тарихи жырлар қазақ халқының бүкіл болмыс бітімі суреттелген фольклор жанры. «Фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сол себепті ол адам өмірінің барлық жағын бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айтарлықтай мәлімет береді» [5]. Демек, тарихи

жырларды тілдік тұрғыда зерттеу арқылы халқымыздың қоршаған әлем туралы ой-пікірін, таным-түсінігін көре аламыз.

### **Талқылау**

Тарихи жыр мәтіндерінде де уақытқа қатысты халықтың байырғы өлшем бірліктері қолданыс тапқан. Тарихи жыр көркемделіп, кестеленіп, айшықталып жазылғандықтан аталмыш өлшем бірліктердің кездесеуі орынды. Біріншіден, тарихи жырлар тіліміздің байлығын танытатын бірден бір арна. Екіншіден, тарихи жырларда халықтың дүние, қоршаған орта туралы ой-пікірі жинақталған. Үшіншіден, тарихи жырлар өлең жолдарымен жазылып, тарихи тұлғалардың есімдері, ерліктері көрініс тапқан. Сол себепті, байырғы өлшем атауларының тарихи жыр мәтіндерінде сипат алуы сол кезеңдегі ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінен, таным-түсінігінен ақпарат алуға, тіліміздің ұлттық бейнесін ашуға септігін тигізеді.

Л.О. Асқардың «Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары» атты кандидаттық диссертациясында тәулік кезеңдері атауларын семантикалық, концептілік және функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан зерттеп, «тәулік кезеңдері» функционалды-семантикалық өрісі құрылымын, оның тілдегі берілу формаларын анықтайды. Сондай-ақ, тәулік кезеңдерін білдіретін тілдік бірліктерді *табиғат құбылыстарына байланысты атаулар, діни әдет-ғұрыптарға байланысты атаулар, адамның қимыл-әрекетіне, төңіректі қабылдауына байланысты атаулар, шаруашылыққа, төрт түлікке байланысты атаулар, жан-жануар, құстарға байланысты атаулар* деп бес семантикалық топқа бөліп көрсетеді [6, 14 б.].

### **Нәтижелер**

Жоғарыда пікірлерді саралай келе, тарихи жыр мәтіндеріндегі байырғы уақыт атауларын білдіретін тілдік бірліктерді төмендегідей топтарға жіктеп, қарастыруды жөн көрдік.

#### *1. Діни-наным сенімге байланысты туындаған байырғы уақыт өлшем бірліктері*

Мәдениетімізге ислам дінінің енуіне орай діни наным-сенімге қатысты туындаған тілдік бірліктер бар. Аталмыш бірліктер қазіргі уақытта да қолданыстан шықпаған лексикондар қатарында. Олардың басым көпшілігі мұсылманның бес парызының бірі намаз уақыттарымен байланысты қолданысқа енген. Халықтық өлшем атаулары бірде бес уақыт намаздың түрі, намаз оқитын уақыт ретінде алынса, бірде уақытты білдіретін ұғым ретінде берілген. Сөзімізді дәлелдеу үшін тарихи жыр мәтіндерінен мысал келтірейік:

Шежіреші сабазға

Хан мен Сырым қосылып,

*Бесін* мезгіл болғанда,

Мешітке барды намазға («Сырым батыр», Т.60, 388).

*Бесін* – «түс мезгілі», «түскі уақыттағы бесін намазы». Қазақ тілінде «түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт» мағынасында да қолданылады [7].

Берілген мысалдағы *бесін* тілдік бірлігі тура мағынасында жұмсалып, түс мезгілін білдіріп тұр. Жыр жолдарынан оқи отырып, *бесін* уақытында *бесін* намазы оқылатынын аңғаруға болады. Яғни бір ғана «*бесін*» тілдік бірлігі арқылы сол кезеңдегі халқымыз мұсылман дінін ұстанғанын, тәулік бөліктерін бес уақыт намаздың бөліктерімен байланыстыра қолданғанын байқаймыз. Осы секілді тарихи жыр мәтіндерінде *екінді, намаздыгер, намаздышам, ақшам* т.б. тілдік бірліктер көптеп кездеседі. Бұл қолданыстардың барлығы сол дәуірдегі мәдениетімізде ислам дінінің енуімен, мұсылманшылықтың етек алуымен қолданысқа енген деген ұғым қалыптасады. Мысалы:

Ат қоймаққа азанда

Атқа қонған *ақшамда*

Даланы ымырт жапқанда («Сырым батыр», Т.60, 368).

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде: «*Ақшам* – «күн батар кез, қас қарайған шақ», «ақшам намазы». Бұл екі мағына да фольклорлық шығармалар мен қазіргі қазақ әдеби тілінде кеңінен қолданылады» [8]. *Ақшам* тілдік бірлігі қазақ тілінің кірме сөздер қатарына жатады. Жырда аталмыш бірлік намаз уақыты ретінде алынбаған. Жыр мәтінімен таныса отырып, *ақшам* даланы қараңғылық басқан мезгіл екенін байқаймыз. Сонымен қатар, жыр мазмұнына үңілсек, батырдың *ақшам* уақытында атқа қонуы тегін емес. Себебі, қазақ халқының таным түсінігінде *ақшам* мезгілінің алдында *екінді* уақыты, күн батарға жақындаған мезгілде жаңа іс бастауға, жолға шығуға, ұйықтауға тыйым салады. Бұл қалыптасқан түсінік дінмен байланыстыруға болады. Себебі, *екінді* уақыты жаңа іс бастап, жолға шығу үшін қолайсыз саналады. Ал *ақшам* уақыты халқымыздың танымында қолайлы мезгіл болып саналғандықтан, тарихи жырда *ақшам* уақытында атқа қонып, елін қорғау үшін жауға аттануы орынды болып саналған.

## 2. Табиғат құбылыстарына байланысты атаулар.

Қазақ халқының танымында уақытқа қатысты өлшем атауларын беруде табиғат құбылыстарына байланысты атаулар көп кездеседі. Бұл таным түсініктердің қалыптасқаны – халқымыз сонау ерте заманнан-ақ уақытты бағамдауда табиғат құбылыстарын бақылай отырып, оның ерекшелігін көре білгенін аңғаруға болады. Тілімізде шоқжұлдыздарды байланыстыра отырып қолданысқа енген тілдік бірліктер жетерлік. Осылардың ішіндегі көп кездесетіні *Шолпан туа, Үркер көтерілгенде, Үркер туар сәт* т.б. тілдік бірліктерді атауға болады. Табиғат құбылыстарына, оның ішінде аспан денелеріне аса мән берген халық аспандағы жұлдызға қарап, уақытты бағамдаған. Тарихи жыр мәтіндерінен *Шолпан туа* тілдік бірлігін кездестірдік. Мысалы:

*Шолпан туа* үйді жық,

Таң сарғая түйені арт

Ақсақ-тоқсақ қалмасын,

Жасауылды қалың сал («Қара Керей Қабанбай батырдың әңгімесі», Т.58, 208).

Жалпы халық түсігінде *Шолпан* таңда туатын жұлдыздар қатарында. *Шолпан* жарқырап тұратын, қою қараңғылыққа жарық беретін жұлдыз. Сол

себепті де табиғатты жіті бақылаған халқымыз Шолпан туғанда, яғни дала жарық бола бастаған сәтте жұмыс жасауды бастағанын жыр жолдарынан байқаймыз.

Тарихи жырлардан *тал түс, шаңқай түс* тілдік бірліктерін кездестірдік.

*Шаңқай түсте* жауға аттанады

Қабанбай сонда тұрып айқай салды,

Қубасқа «бісмілда» деп мініп алды

«Бір қырғын шаңқай түсте болады» деп,

Туынан дүрілдеген үш айналды ( «Ер Қабанбай», 58Т., 344).

Халықтың танымында түс мезгілін бірнеше түрге жіктейді. Оларды сәске түс, тал түс, шаршы түс, тапа-тал түс, шаңқай түс деп бөлуге болады. *Тал түс* – күннің қатты ысыған кезі, сағат бір шамасын білдірсе, *шаңқай түс, шаршы түс* – көлеңкенің қысқарған кезі, сағат екі шамасы. Н.Уәлиев түс мезгілінің бірнеше түрін атап, қызықты деректер келтірген: «Халық тілінен тал түске байланысты айтылатын түрліше сөз орамдарын кездестіреміз: шаңқай түс, анық түс, таңдай тал түс, талма түс, талықсыған тал түс» [8,34 б.].

*Шаңқай түс* – тал түс, нақ түс мезгілі, аппақ түс [9, 902 б.]. Тарихи жыр мәтіндерінде батырдың жауға аттануы, елін қорғауы, ерлік пен елдік мәселелері көп сөз етіледі. Себебі, тарихи жырдың кейіпкерлері тарихта болған адамдар, елін, жерін жаудан қорғаған батыр. Жыр мәтіндерінің қайсысы бірін талдасақ та, батырдың елі үшін жауға аттануы көрініс тауып отырады. Ол орынды құбылыс. Берілген мысалдағы *шаңқай түс* фразалық бірлігі халық үшін жауға аттануға қолайсыз мезгіл саналғанын байқадық.

3. *Адамның қимыл-әрекетіне байланысты туындаған атаулар*

Тарихи жырларда уақытты бағамдауда адамның қимыл-әрекетіне байланыстырып берілген тілдік бірліктер көп кездеседі. Аталмыш атаулардың барлығы халықтың қажеттілігінен пайда болған, бейнелі тәсілмен дүниеге келген, адамның іс-әрекетімен тікелей байланысты қалыптасқан атаулар.

Мысалы:

Қарсы жақ, жазаң жағаға

Бағытын тура түзейді.

*Бір шыны шай ішер мезетте*

Іледен өтіп кетеді ( «Райымбек батыр», Т. 59, 125).

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ халқы уақытты бағдарлауда тұрмыс-тіршілігімен байланыстырған. Сонау ерте заманда-ақ минут, секунд, сағат ұғымдарының әлі пайда болмаған кезеңдерінде уақытты өз бетінше бағамдап, бағдарлаған. Жырдағы *мезет* сөзі уақыт сөзінің орнында тұр. *Бір шыны шай ішер мезет* шамамен 10 минутты білдіреді. Сонымен қатар, тілімізде шай қайнатым уақыт тілдік бірлігі де кездеседі. Шай қайнатым. Бір шай қайнар мезгіл. Бұл уақыт шамамен 10 минут пен 30 минуттың арасын қамтиды.

Мысалы:

Үйіріп бірін-бірі сілтегенде,

Кетеді аяқтары жерді мыжып.

Алысты осы екеуі *ет пісірім*,

Алмақ боп бірін-бірі бойы қызып ( «Мырқы батыр», Т.59, 294).

*Ет пісірім* - 2-3 сағаттай мерзім [10]. Тарихи жырдағы кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Тарихи жырдың мазмұнына үңілсек, елі үшін аянбай шайқасқан ерлер бейнесін көре аламыз. Берілген мысалдан екі елдің батырлары шамамен 2-3 сағаттай білектесіп, арпалысқанын аңғаруға болады.

Сонымен қатар, тарихи жыр мәтіндерінен *қас қағым сәт, көзді ашып жұмғаниша, ә дегенше, қас қаққанша* секілді өте жылдам уақытты білдіретін қазақы уақыт өлшемдерін кездестірдік. Яғни, сол кезеңдегі халық уақытты бағамдауда өзінің тұрмыс-тіршілігіне, іс-әрекетіне сәйкестендіргенін байқаймыз. Жырдағы батырдың образын сомдауда, қырағылығын, ептілігін суреттеуде байырғы уақыт бірліктері ұтымды қолданылған. Мысалы:

Тік тұрып қылыш сілтесе,

Алмадай басты кеседі.

Жалғыз шауып келгенде,

Қанша кісі жабылса,

*Қас қаққанша* қоймайды («Райымбек батыр», Т.59, 99).

*Қас қаққанша*. Тілдік бірліктің этимологиясына мән беретін болсақ, халқымыз әр нәрсеге атау берерде мәнді жасаған. Қас адамның бет келбетінде орналасады. Ал, осы қасты қаққан сәтте, яғни осы іс-қимыл өте тез арада орындалады. Ғылым тілінде 1 секунд көлемін білдіреді. Яғни, Райымбек батыр жауды өте жылдам уақытта қырып салатын ептілігін көре аламыз. Сонымен қоса, өте жылдам уақытты берерде батырдың арғымағының да жылдамдығы тарихи жырда сипат алады. Мысалы:

Астына мінген Көкойнақ

Тақымын қысып қойғанда,

*ұшқан құстай кетеді,*

*Көзді жұмып, ашқанша,*

Көз ұшына жетеді («Райымбек батыр», Т.59, 99).

Уақыт концептісін танытып отырған фразеологизм *көзді ашып жұмғаниша* актив қолданыстағы тілдік бірлік. Тарихи жырдағы батырдың арғымағын бейнелеуде *ұшқан құстай* – теңеуі арғымақтың жүйріктігін беруде сәтті қолданыс тапқан. Тілімізде *көзді ашып жұмғаниша бір ай өтті, көзді ашып жұмғаниша жазда өтті* деген секілді тілдік бірліктер бар. Бұл бірліктер уақыттың тез өтіп кеткенін баяндау үшін қолданысқа енген.

4. *Шаруашылыққа, төрт түлік малдың тіршілік әрекетіне негізделген атаулар:*

Қазақ халқы жалпы болмысынан не бір затқа атау беруде шаруашылықпен байланыстырып атаған. Содан болар халықтық өлшем бірліктерде халықтың шаруашылығымен, төрт түлік малдың тіршілік әрекетіне негізделген атаулар туындаған.

*Сәске* уақыт болғанда

Күн *сәскеге* толғанда

Ат ойнатып майданға

Алакөбек ер шықты («Барақ батыр», Т. 60, 86).

Сәске – парсы тіліндегі мағыналары «таңертеңгі мезгіл», «түске дейінгі уақыт». Қазақ тілінде «түс мезгілі» деген ауыспалы мағынада қолданылады [9].

Сәрсенбінің кешінде,

Мөлшері *кіші бесінде*

Аттанамыз қалмаққа,

Жер босатып алмаққа («Барақ батыр», Т. 60, 172).

*Бесінді*. Түс ауа бастаған шақ. Бұл «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»

берілген уақыт аралығы. Бесінді – түс ауып, күн ұясына отырғанға дейінгі уақыт, мезгіл. Ел ішінде бірнеше түрге ажыратылып айтылады: а) ұлы бесін – күннің қақ маңдайға келген кезі; ә) кіші бесін – күннің маңайдан ауған кезі; б) құлама бесін – бесіннің аяқ кезі, уақытты осылай межелеудің шаруашылық және ғұрыптық мәні болды. Ұлы бесін төрт түлік малдың тегіс жусайтын кезі. Осы уақытта қой, ешкі, сиыр, түйе және бие сауылады. Кейде осы мерзімде ауырған малды анықтап, емдеу шараларын да қолданады. Құлама бесін кезінде өрістегі малды қораға қарай айдап келуге дайындық жасалады [11, 493 б.].

Жыр жолдарымен таныса отырып, кіші бесінде, яғни күннің қайтқан уақытында халқымыздың жорыққа шыққанын көреміз. Тарихи жырлардан батырлардың ептілігі, айлакерлігі, төзімділігі сипат алады. Табиғатынан ерекше халық қандай іс бастамас бұрын алдын ала табиғатты бақылап алған. Себебі, жырдағы батырлар тал түсте емес, кіші бесінде жорыққа шығады. Жаумен соғысу үшін ыңғайлы уақыт, күннің қайтқан уақыты.

Уақытқа қатысты халықтың өлшем бірліктері – адамның жасымен де байланыстырылады. Себебі, адамның дүниеге келуі, өмір сүруі, дүниеден өтуі бәрі уақытқа тәуелді. Осы сипаттауымызға жыр жолдарынан алынған мынадай мысал дәлел бола алады:

*Ат жалын тартқаннан* ақ көз жұмғанша

Есінен шығармаған елдің камын («Жәнібек батыр», Т.59, 176).

Қазақ халқы мал шаруашылығымен шұғылданған және төрт түлік малды аса қадір тұтқан. Осы төрт түлік малдың ішіндегі ең халқымызға жақыны - жылқы. Тілімізде жылқы мінезді деген бірліктер де кездеседі. Жылқыны қазақ серігі санаған. Қай тарихи жырды алып қарасақ та, батырдың арғымағы бірге жырға қосылады, суреттеледі. Сол секілді тілімізде *ат жалын тартып мінді* тілдік бірлігі ертеде осы жылқымен байланысты туындаған. *Ат жалын тартып міну – есейді, ер жетті* деген мағынада қолданылады. Әрине, бұл уақытпен байланысты. Адамның жас шамасын анықтауға мүмкін болады. Демек, халқымыз әр затқа атау беруде өзінің тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылығымен байланыстырғанын байқаймыз.

### **Қорытынды**

Тілдік танымдық аспектіде зерттеу сол халықтың мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, болмысын, дүниетанымын тануға негіз болады. Тіл адамның негізгі құралы. Тілді өңдейтін де, дамытатын да адам. Сол себепті адамның қиялынан, дүниені танып-білуінен туындаған тілдік бірліктер халықтың бүкіл болмысын



таныта алады. Мақаламызда зерттеу нысанына алынып отырған тарихи жыр мәтіндері – халықтың бай қазынасы сақталған, өлеңмен өрілген көркем туынды. Сол көркем туындының тілін зерттеу – өткенімізді тануымызға негіз болады. Мақаламызда тарихи жыр мәтіндері негізінде уақытқа қатысты халықтық өлшем бірліктердің мәнін ашып, этимологиясына тоқталдық. Уақытты білдіретін халықтық өлшемдерді ғалымдардың жіктеулеріне сүйене отырып, топтастырдық. Олар: 1) Діни-наным сенімге байланысты туындаған байырғы уақыт өлшем бірліктері; 2) табиғат құбылыстарына байланысты атаулар; 3) адамның қимыл-әрекетіне байланысты туындаған атаулар; 4) шаруашылыққа, төрт түлік малдың тіршілік әрекетіне негізделген атаулар деп жіктелді. Уақытқа қатысты халықтың өлшем атауларын жоғарыдағыдай топқа жіктей келе, қазіргі таңда кейбір тілдік бірліктер актив қолданыста болса, кейбір тілдік бірліктер пассив қолданыста екенін аңғардық. Актив қолданыстағы тілдік бірліктер көбіне діни-наным сенімдерге, өте жылдам уақытты білдіруде қолданылатын лексикондар. Пассив қолданыстағы тілдік бірліктерге *Шолпан туа, кіші бесін, сәске, сүт пісірім уақыт* т.б. халықтық өлшемдерді жатқызуға болады.

Жалпы, алғанда халық таныған уақыт өлшем бірліктері халқымыздың танымдық ойлауынан, дүниені бақылауынан, әр нәрсені жітік меңгеруінен туындаған бірліктер екенін аңғардық. Мақалада тарихи жыр мәтіндерінен мысалдар алынып, дәлелденді. Тарихи жыр кейіпкерлері үшін уақыт бағалы, маңызды екені анықталды. Жыр жолдарын талдай келе, адам уақытқа тәуелді және уақыт адам өмірімен тығыз байланысты болатынын байқадық.

## ӘДЕБИЕТ

[1] Өтебаева Э. Ә. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2010. – 28 б.

[2] Михеева Л.Н. Время в русской языковой картине мира: лингвокультурологический аспект: автореф. дис. ... докт.филол. наук. – Москва, 2004. – 36с.

[3] Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. –Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. – 368 б.

[4] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2009. Т. 58, 59, 60: Тарихи жырлар. – 408 б.

[5] Қазақ лингвофольклортануы: тілдік-жанрлық зерттеу. Ұжымдық монография. Жалпы редакциясын басқарған Ж.А. Жакыпов, ф.ғ.д., профессор. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, 2020. – 331 б.

[6] Асқар Л.О. Қазақ тіліндегі тәулік кезеңдері атаулары: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. – Алматы, 2005. –24 б.

[7] Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.

[8] Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. –Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. –128б.

[9] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

[10] Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.

[11] Сабырханова Р. Т. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер). Оқу әдістемелік құрал. – Павлодар, 2005. – 160 б.

## REFERENCES

[1] Ötebaeva E. Ä. Qazaq tılındegı -dai, -dei, -tai, -tei tülğaly teñeu mändı tıldık birlikterdiñ etnotanymdyq sipaty (The ethnoscientific nature of linguistic units with the meaning of comparison like -dai, -dei, -tai, -tei in the Kazakh language): filol. ğyl. kand. diss.avtoref. Almaty, 2010. 28 b. [In Kaz.]

[2] Miheeva L.N. Vremja v russkojazykovej kartine mira: lingvokul'turologičeskij aspekt. (Time in the Russian language picture of the world: linguistic and cultural aspect): Avtoref. dis. ... dokt. filol.nauk. Moskva. 2004. 36 s. [In Rus.]

[3] Qūralūly A. Qazaq дәstürlı mädenietniñ ensiklopedialyq sözdıgı (Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture). Almaty: «Sözdık-Slovär». 1997. 368 b. [In Kaz.]

[4] Babalar sözi (The speech of ancestors): Jüztomdyq. Astana: «Foliant». 2009. T. 58, 59, 60: Tarihi jyrlar. 408 b. [In Kaz.]

[5] Qazaq lingvoföklortanuy: tıldık-janrlyq zertteu (Kazakh linguo folklore studies: language and genre research). Ūjymdyq monografıa. Jalpy redaksiasyn basqarğan J.A.Jaqypov, f.ğ.d., profesor. Nūr-Sūltan: L.N.Gumilev at. EŪU, 2020. 331 b. [In Kaz.]

[6] Asqar L.O. Qazaq tılındegı täulık kezeñderi ataulary (Names of periods of the day in Kazakh language): filol. ğyl. kand. diss.avtoref. Almaty, 2005. 24 b. [In Kaz.]

[7] Qazaq tılıniñ kırme sözder sözdıgı (Dictionary of foreign words of the Kazakh language) / Qūrastyrğandar: Ş. Qūrmanbaiūly, S.İsaqova, B.Mizamhan jāne t.b. Almaty: «Ūlttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, 2019. 596 b. [In Kaz.]

[8] Uäliev N. Frazеologia jāne tıldık norma (Phraseology and language norm). Almaty: Respublikalyq baspa kabineti, 1998. 128 b. [In Kaz.]

[9] Qazaq tılıniñ tūsındırme sözdıgı (Explanatory dictionary of the Kazakh language) / Jalpy redaksiasyn basqarğan T. Janūzaqov. Almaty : Daik-Pres, 2008. 968 b. [In Kaz.]

[10] Qazaqtyñ etnografialyq kategorıalar, ūğymdarmen ataularynyñ дәstürlı jüiesi (Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names). Ensiklopedia. 1-tom. Almaty: DPS, 2011. 738 b. [In Kaz.]

[11] Sabyrhanova R.T. M-J. Köpееv шығармаларындағы метрологиялық лексика (халық өлшемі мен нумеративтер). (Metrological vocabulary in the works of Mashhur Zhusup Kopeev (folk measure and numeratives). Оқу әдістемелік құрал. Павлодар, 2005. 160 б. [In Kaz.]

## ЗНАЧЕНИЕ ЕДИНИЦ ИЗМЕРЕНИЯ ВРЕМЕНИ КАЗАХОВ В ИСТОРИЧЕСКОМ ЭПОСЕ

\*Кулынтаева Т.Б.<sup>1</sup>, Еспекова Л.Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева», Астана, Казахстан,  
e-mail: [togzhan\\_kulintaeva@mail.ru](mailto:togzhan_kulintaeva@mail.ru),

<sup>2</sup>К.ф.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева», Астана, Казахстан,  
e-mail: [espekova@bk.ru](mailto:espekova@bk.ru)

**Аннотация.** В статье рассматриваются национально специфические названия и этимология измерений времени. Источником проведенного исследования послужили тексты исторического эпоса. Цель статьи – изучение языка исторического эпоса, представляющего национальную ценность казахского языка, с точки зрения когнитивной лингвистики. Изучение языка фольклора позволяет получать лингвокультурную

информацию, отражающую процесс познания народа. Путем анализа содержания исторических текстов из текстов эпоса были отобраны языковые единицы, определяющие концепт «время». Научная значимость статьи заключается в том, что данная исследовательская работа является теоретическим дополнением к трудам, связанным с когнитивной лингвистикой, лингвокультурологией, лингвофольклористикой. Практическая значимость определяется тем, что результаты исследования могут быть использованы при составлении лекций элективных курсов «Лингвофольклористика», «Когнитивная лингвистика», «Лингвокультурология», а также при подготовке учебно-методических комплексов.

В статье использованы методы языкового анализа, сравнения, когнитивного анализа. Приведены примеры из текстов исторического эпоса, примеры сгруппированы по значению языковых единиц, относящихся к концепту «время». Они классифицированы следующим образом: 1) единицы измерения времени, обусловленные народным вероисповеданием; 2) единицы измерения времени, связанные с явлениями природы; 3) единицы измерения времени, возникающие в связи с жизнедеятельностью человека; 4) единицы измерения времени, связанные со скотоводческой деятельностью человека. Важно отметить, что языковые единицы, исследуемые в данной статье, возникли много лет назад и до сих пор активно используются носителями языка.

По мнению автора, названия народных измерений сформировались через систему мышления народа, познание окружающей среды, повседневную жизнь и поэтому закрепились в лексике казахского языка.

**Ключевые слова:** понятие, понятие времени, историческая песня, народные измерения, языковая единица, время, знание, фольклор, художественный текст, день, этнос, религия, время года

## THE MEANING OF KAZAKH TIME UNITS IN HISTORICAL EPICS

\*Kulyntaeva T.B.<sup>1</sup>, Espekova L.A.<sup>2</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student of the Faculty of Philology of the Eurasian National University named after L. Gumilyov, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: [togzhan\\_kulintaeva@mail.ru](mailto:togzhan_kulintaeva@mail.ru),

<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Professor of the Faculty of Philology of the Eurasian National University named after L. Gumilyov, Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: [espekova@bk.ru](mailto:espekova@bk.ru)

**Abstract.** In the article the names of folk measurements that represent time and their etymology are considered on the basis of the texts of historical epics. The purpose of the article is to study the language of historical epics in a cognitive aspect, which are considered the national value of our language. The study of the language of folklore is an opportunity to get information from the culture and knowledge of particular nation. Looking at the content of historical texts, language units that define the concept of "time» were selected from the lines of the epic. On the basis of this, it is possible to determine the knowledge of our people about time. The scientific significance of the research work is a theoretical addition to works related to cognitive linguistics, linguoculturology, linguo folklore studies. Practical significance of the article: the results of the study can be used to compile lectures and in the preparation of educational and methodological complexes of special courses such as "Linguo folklore studies», "Cognitive linguistics», "Linguoculturology".

The methods of language analysis, comparison, cognitive analysis are used in the article. The main results and solutions of our research work have been developed. An example from the texts of historical poems was taken, and language units related to time were grouped according to their meaning. They were classified as: 1) indigenous units of time, which arose due to religious

beliefs; 2) names related to natural phenomena; 3) names related to human activity; 4) names based on the farm, the vital activity of livestock. It can be seen that time in historical poems was considered important for the heroes of the poem and they used time efficiently. At the same time, it can be seen that the language units that represent the time that arose in that time are still in active use. According to the author, the names of folk dimensions were formed through the thinking system of the people, knowledge of the environment, everyday life and entered into use in the lexicon of our language. The ways in which the names of measures representing time are presented in historical poems, their meaning and significance were described. It turned out that these language units are connected with the way of life, culture and thinking of our people.

**Keywords:** concept, concept of time, historical epic, folk dimension, language unity, time, cognition, folklore, literary text, day, ethnic group, religion, season.

*Статья поступила 16.08.2022*